



**«ТІЛ. МӘДЕНИЕТ. АУДАРМА: ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРДЕГІ  
МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС»**

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ  
**БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**  
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО - ПРАКТИЧЕСКОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ

**«ЯЗЫК. КУЛЬТУРА. ПЕРЕВОД: МЕЖКУЛЬТУРНАЯ  
КОММУНИКАЦИЯ В ЦИФРОВУЮ ЭПОХУ»**

**PROCEEDINGS**  
OF THE INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL  
CONFERENCE

**«LANGUAGE. CULTURE. TRANSLATION: INTERCULTURAL  
COMMUNICATION IN THE DIGITAL AGE »**



Астана / Astana

**24 СӘУІР 2024**

**24 APRIL 2024**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

THE MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
L.N.GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н.ГУМИЛЕВА



**«ТІЛ. МӘДЕНИЕТ. АУДАРМА: ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРДЕГІ  
МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС»**

**“LANGUAGE. CULTURE. TRANSLATION: INTERCULTURAL  
COMMUNICATION IN THE DIGITAL AGE”**

**«ЯЗЫК. КУЛЬТУРА. ПЕРЕВОД: МЕЖКУЛЬТУРНАЯ  
КОММУНИКАЦИЯ В ЦИФРОВУЮ ЭПОХУ»**

Астана, 2024

Astana, 2024

ӘОЖ / УДК 80\81

КБЖ / ББК 81.2

Т 93

ISBN 978-601-337-997-5

## РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

<b>Мақыш С.Б.</b>	- Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Басқарма мүшесі - академиялық мәселелер жөніндегі проректоры
<b>Бейсенбай А.Б.</b>	- ф.ғ.к., филология факультетінің деканы
<b>Акижанова Д.М.</b>	- Ph.D., аударма теориясы мен практикасы кафедрасының меңгерушісі
<b>Ескиндиrowa М.Ж.</b>	- Ph.D., аударма теориясы мен практикасы кафедрасының доценті м.а.
<b>Алшинбаева Ж.К.</b>	- Ph.D., аударма теориясы мен практикасы кафедрасының доценті м.а.
<b>Киманова Л.Б.</b>	- Ph.D., аударма теориясы мен практикасы кафедрасының аға оқытушысы
<b>Ныгманова Д.К.</b>	- магистр, аударма теориясы мен практикасы кафедрасының аға оқытушысы
<b>Акшулакова Б.К.</b>	- магистр, аударма теориясы мен практикасы кафедрасының аға оқытушысы

### Халықаралық ғылыми – практикалық конференцияның серіктестері

- Любляна университеті (Любляна қ., Словения)
- Варшава университеті Қолданбалы лингвистика институты (Варшава қ., Польша)
- Атылым университеті (Анкара қ., Түркия)
- Әзірбайжан тілдер университеті (Баку қ., Әзірбайжан)
- Қоқан мемлекеттік педагогикалық институты (Қоқан қ., Өзбекстан)

### Partners of the International scientific and practical conference

- University of Ljubljana (Ljubljana, Slovenia)
- Institute of Applied Linguistics of the University of Warsaw (Warsaw, Poland)
- Atylym University (Ankara, Turkey)
- Azerbaijan University of Languages (Baku, Azerbaijan)
- Kokand State Pedagogical Institute (Kokand, Uzbekistan)

### Партнеры международной научно – практической конференции

- Люблянский университет (г.Любляна, Словения)
- Институт прикладной лингвистики Университета Варшава (г.Варшава, Польша)
- Университет Атылым (г.Анкара, Турция)
- Азербайджанский университет языков (г.Баку, Азербайджан)
- Кокандский государственный педагогический институт (г.Коканд, Узбекистан)

ӘОЖ / УДК 80/81

КБЖ / ББК 81.2

Т 93

«Тіл. Мәдениет. Аударма: цифрлық дәуірдегі мәдениетаралық қарым-қатынас» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы = Международная научно-практическая конференция «Язык. Культура. Перевод: межкультурная коммуникация в цифровую эпоху» = International scientific and practical conference «Language. Culture. Translation: Intercultural Communication in the Digital Age» - Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университет редакциясы – бет саны 312 – қазақ, орыс, ағылшын, түрік тілдерінде

ISBN 978-601-337-997-5

**«Тіл. Мәдениет. Аударма: цифрлық дәуірдегі мәдениетаралық қарым-қатынас»** халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы, аударма, тіл, мәдениет және мәдениетаралық коммуникация салаларына қызығушылық танытқан зерттеушілерге, оқытушыларға, аудармашы-практиктерге, білім алушылар мен жас мамандарға арналған. Конференция барысында аударма, тіл және мәдениет, сондай-ақ мәдениетаралық коммуникация саласындағы зерттеулерді дамытуға байланысты маңызды мәселелер талқыланды. Конференция цифрлық дәуір жағдайында аударма және мәдениетаралық коммуникация саласындағы ғылыми зерттеулер мен практикалық тәжірибені ілгерілетуге ықпал ете отырып, халықаралық ғылыми және академиялық ынтымақтастықты, кәсіби байланыстарды орнату және нығайту мақсатында тәжірибе және білім алмасу үшін бірегей мүмкіндік берді.

Сборник материалов международной научно-практической конференции, на тему **«Язык. Культура. Перевод: межкультурная коммуникация в цифровую эпоху»** предназначен для исследователей, преподавателей, переводчиков-практиков, обучающихся и молодых специалистов, заинтересованных в области перевода, языка, культуры и межкультурной коммуникации. В ходе конференции обсуждались важнейшие вопросы, связанные с развитием исследований в области перевода, языка и культуры, а также межкультурной коммуникации. Конференция предоставила уникальную возможность для обмена опытом и знаниями в целях установления и укрепления международного научного и академического сотрудничества, профессиональных контактов, способствуя продвижению научных исследований и практического опыта в области перевода и межкультурной коммуникации в условиях цифровой эпохи.

The collection of materials of the international scientific and practical conference on the topic **«Language. Culture. Translation: Intercultural Communication in the Digital Age»** is intended for researchers, teachers, translation practitioners, students and young professionals interested in the field of translation, language, culture and intercultural communication. During the conference, the most important issues related to the development of research in the field of translation, language and culture, as well as intercultural communication were discussed. The conference provided a unique opportunity for the exchange of experience and knowledge in order to establish and strengthen international scientific and academic cooperation, professional contacts, contributing to the promotion of scientific research and practical experience in the field of translation and intercultural communication in the digital age.

© Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2024

© L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2024

© Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, 2024

### Список литературы

1. Калиева А.Г., Жапарова А.Ж. (2023). Особенности и основные проблемы аудиовизуального перевода // Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева. Серия: Филология, №2. С. 191-197.
2. Gonzalez L.P. Audiovisual Translation // Routledge Encyclopedia of Translation Studies. London: Routledge, 2011. P. 13–20.
3. Gambier Y. The position of audiovisual translation studies // The Routledge Handbook of Translation Studies / ed. by C. Millan and F. Bartrina. – London, 2012. – P. 45–59.
4. Neves J. Audiovisual Translation: Subtitling for the Deaf and Hard-of-Hearing: Ph.D. Thesis. – London: Roehampton University, 2005 [electronic resource]. – Mode of access: <http://roehampton.openrepository.com/roehampton/handle/10142/12580>
5. Козуляев А. В. Аудиовизуальный полисемантический перевод как особая форма переводческой деятельности и особенности обучения данному виду перевода // Царскосельские чтения. – 2013. – №XVII. – С. 374–381.
6. Горшкова В. Е. Особенности перевода фильмов с субтитрами // Сибирский журнал науки и технологий. – 2006. – №3 (10). – С. 141–144.
7. Cintas J.D., Remael A. Audiovisual translation: subtitling. – New York: Routledge, 2014. – 272 p.
8. Богинский И. А. Перевод американских аудио-медиаальных текстов на русский язык: сущность и проблемы // Актуальные проблемы гуманитарных и естественных наук. 2016. № 1-1. С. 114–117.
9. Díaz-Cintas, J., Muñoz-Sánchez, P. (2006), “Fansubs: Audiovisual Translation in an Amateur Environment”, The Journal of Specialised Translation. 6(6): 37-52

ГТАХР 16.21.41

### ВИРТУАЛДЫ ТҮЛДІК ТҮЛҒА ТІЛІН АУДАРУ БАРЫСЫНДА ҚОЛДАНЫЛҒАН ТӘСІЛДЕР ЕРЕКШЕЛІГІ (ИНТЕРНЕТ ПСИХОЛОГИЯСЫ КІТАБЫ БОЙЫНША)

Д.Е.Указбек

Магистрант

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

[dilnazukazbek@gmail.com](mailto:dilnazukazbek@gmail.com)

*Аңдатпа.* Мақалада Патрисия Уоллейстың «Интернет психологиясы» атты кітабындағы виртуалды тұлға тілінің қазақ тіліне аударылу мәселесі зерттелді. Аудармашының баламасыз лексиканы аударудағы тәсілдері талқыланды. Соның ішінде транслитерация және транскрипция, калька тәсілдері, сипаттамалық аудармалар қарастырылып, әр тәсілге кітаптан нақты мысалдар келтірілген. Мысалдар екі тілде беріліп, салыстыру жұмыстары жүргізілген, тұжырымдар жасалған.

*Түйін сөздер:* аударма, психология, калька, трансформация, транслитерация, мәтін.

*Аннотация.* В статье рассматривается перевод языка виртуального человека на казахский язык в книге Патрисии Уоллес «Психология интернета». Обсуждались методы переводчика при переводе альтернативной лексики. Среди них рассмотрены транслитерация и транскрипция, калька, описательные переводы, предоставлены конкретные примеры из книги. Приводятся примеры на двух языках, проводятся сравнения, делаются выводы.

*Ключевые слова:* перевод, психология, калька, трансформация, транслитерация, текст.

*Abstract.* The article discusses the translation of the language of a virtual person into Kazakh in Patricia Wallace’s book “Internet Psychology”. The translator’s methods of translating

*alternative vocabulary were discussed. Among them, transliteration and transcription are considered, as well as loan translation, descriptive translations, and specific examples from the book are provided. Examples in two languages are given, comparisons are made, and conclusions are drawn.*

**Keywords:** translation, psychology, tracing paper, transformation, transliteration, text.

Қазіргі жаппай жүріп жатқан жаһандану жағдайында, өмірдің сан алуан салаларында әртүрлі мәдениетке жататын халық пен ел арасында белсенді ақпарат алмасу жүріп жатыр. Компьютер желілерінің жаһанданған жүйесі болып табылатын интернеттің қарқынды түрде дами түсуі – елдер арасындағы қарым-қатынасты нығайта түсуде. Ал бұл жағдай коммуникацияның әлеуметтік деңгейін де, бір-бірімен интернет желілерінде етене араласатын жастардың психологиясын да, сөздік қорын да, ой жеткізу тәсілін де өзгертті. Филология ғылымдарының докторы А.А. Баркович: «Виртуалды форматтың мәтіндік мүмкіндіктері тілдің лексикалық, грамматикалық және стилистикалық вариативтілігін едәуір кеңейтті», - дейді [1.105]. Яғни, ғалым виртуалды әлемнің дамуымен қатар, тілдің кеңею үрдісі қарқынды жүріп жатқанын және ендігі ол біздің қоғамның бір бөлігі екенін айтады. Ал қоғам мүшелерін тілінен бөлек зерттеу мүмкін еместігін тұжырымдаған Караулов Ю.Н. тұлға тілін зерттеудің бір жолы – психоллингвистика саласының міндеті екенін (тіл мен сөйлеу психологиясы) айтады. Бұл тұжырымдардан ұғатынымыз – сөздік қордың заман талабына сай кеңеюі, яғни өзге тілдерден жаңа сөздердің енуі - қоғамының психологиясына әсер етеді. Бұл төңіректе әлеуметтік желілер арқылы еніп жатқан сөздерді, сөз тіркестерін, фразеологизмдерді, жаргондарды аударудың рөлі маңызды.

Аудармашы әр халықтың өзіне тән ұлттық ерекшелігі мен мәдениетін оның тілі арқылы танып барып аударарды. Себебі жоғарыда айтқанымыздай, тіл – халықтың ажырамас бөлігі. Ал кез келген ақпараттың тұлғаның психологиясы мен өзіндік қасиеттеріне терең әсер ететінін ескеріп аударатын аудармашының екі елдің тілін толықтай меңгеруі – қатаң талап. Лингвист Д.Хаймостың айтуынша: «тілдік тұлға адамды қоршаған дүниені кейбір әлеуметтік және мәдени нормалар арқылы, сондай-ақ ұлттық менталитет, яғни қарастырылып отырған тұлға жататын тіл қауымдастығында үстемдік ететін нормалар арқылы қабылдауға мәжбүрлейді» [2.269]. Аудармашы сол нормаларды қатаң түрде сақтайды. Аудармашы түпнұсқадағы мәтін мен аударылған мәтіндегі тілдің өзара ұқсастығы мен алшақтығын, аударылып отырған зат, құбылыстың өзге тіл мәдениетінде бар, жоқтығын қатаң түрде ескеруі қажет. Осы тұрғыда аудару үрдісі жеткізетін ақпарат кейде түпнұсқаға сай болмауы әбден мүмкін. Сол себепті талапқа сай аудару үшін аудармашы екі елдің тілін, мәдениетін, менталитетін, жалпы психологиясын жетік білуі қажет. Зерттеу нысаны болып отырған «Интернет психологиясы» атты кітапты аудару барысында осы нормалар барынша сақталған.

Автор тікелей аудару ісімен ғана емес, жастар психологиясына терең үңілген және де әр ойды түсінікті, терең жеткізуге тырысқан.

Кітаптағы ақпаратқа сүйенсек, автор аударма барысында бірнеше тәсілдерді қолданған. Аудармада көбірек қолданысқа ие лексикалық өзгеріске тән транслитерация және транскрипция, калька тәсілдері, сипаттамалық аудармалар, яғни лексикограмматикалық трансформациялар пайдаланылған. Зерттеу жұмысында автордың көбірек пайдаланған калька әдісіне тоқталды. Калька – өзге тілдегі сөз тіркесі мен жай сөйлемнің құрылымдық-мағыналық негізділігін ана тіліндегі төл тәсілдер арқылы дәлме-дәл көшіріп алу [3]. Автор осы калька тәсілінің алты түрінің бәрін дерлік қолданбаса да, фразеологиялық, бейнелеушілік (әсерлі мәнерлік суреттеуші түрі - калькатроптарды), ситаксистік калька түрлерін пайдаланған. Яғни көп жағдайда сөзбе-сөз аударған.

Сөзжасамдық синтаксистік және фразеологиялық калькалар өз стиль үлгілеріндегі құрамдас бөліктерді жартылай көшірсе, жартылай калькалар деп аталады [3]. Автор осы жартылай калькалар тәсілінде аудармалар жасағанына төмендегі кестеде мысал келтірдік. Мысалы, онлайн орта қалыптастыру туралы бөлімдерде «a taxonomy of online Environments»

деген тақырыпшаны «Онлайн-орта таксономиясы» деп жартылай түпнұсқада, жартылай аударма тілінде жазған.

English	Қазақ
Online Environments	Онлайн орта

Автор интернеттегі түрлі қауіпті онлайн қауымдастықтарды талдай отыра, «Электрон қауым қауіпі» деген қауымдастық туралы сөз етеді. Бұл тұста мінез-құлыққа басқа тұрғыда әсер ететін «*Tragedies of the Electronic Commons*» фразасын «*Қауым трагедиясы*» деп аударған. Синтаксистік байланыс типтері негізінде жасалған сөз тіркесі ретінде **синтаксистік калька тәсілі** арқылы аударылған.

English	Қазақ
Trust winds its way through another aspect of online behavior: the social dilemma called the “tragedy of the commons.”	Сенім онлайн-мінез-құлықтың басқа қыры арқылы өзіне жол ашады: ол «қауым трагедиясы» деп аталатын әлеуметтік дилемманы пайдаланады.[4]

Сонымен қатар, автор синтаксистік калька арқылы кейбір ойды сөзбе сөз аударып жеткізуге тырысқан. Мысалы нарциссизм туралы сөз қозғалғанда «a grandiose sense of self-importance» деген тіркес «*өзіндік бағаның асқақ сезіміне бейім*» деп аударылған. Яғни «*өзін өте жоғары бағалауға бейім*» деген ойды сөзбе сөз аудару арқылы жеткізген.

English	Қазақ
People with high narcissism tend toward arrogance and a grandiose sense of self-importance.	Жоғары нарциссизмі бар адамдар тәкаппарлыққа және өзіндік бағаның асқақ сезіміне бейім. [4]

Интернет туралы ойда алдамшы маска кию туралы айтылған. Түпнұсқа тілдегі бір сыңарлы элемент ұлттық тілге аударылғанда фразеологизм арқылы берілген.

English	Қазақ
The cues people use to form some impression of your warmth are mainly nonverbal. Your facial expressions can be a giveaway: a scowl is all your observers need to take your measure.	Адамдар сіздің жылылығыңыздан әсер қалыптастыру үшін пайдаланатын белгілер, негізінен, бейвербал болып келеді. Бет-бейнеңіз арзан алдамшы маска болуы мүмкін: қабақ шыттыңыз ба – қарап отырғандардың бәрі солай істеуі ықтимал. [4]

Терминдерді аудару барысында автор көбіне транскрипция мен транслитерация тәсілдерін қолданып, түпнұсқа тілінің артикуляциясына сай сол қалпында енгізген. Бірқатарын төмендегі кестеден көруге болады.

Түпнұсқа	Аударма
Online	Онлайн
Onstage	Онстайдж
Hashtag	Хештег
Forum	Форум
Micro-blogging	Микроблогинг
Display	Дисплей
Like	Лайк басу
Videochat	Видеочат

Десек те, кемшіліктер де бар. Сөздердің тікелей аударылуына қатысты кейбір мәселелер көрініс тапқан. Жоғарыда атап өткеніміздей, кейде бір халықтың санасында бар ұғымдар, басқа халықтың ұғымында болмауы әбден мүмкін. Ал кейде ондай ұғым бола тұрса да контекст барысында сөзбе сөз аударып қолдануға келмеуі де мүмкін. Түпнұсқадан аударылғанда түрлендіру арқылы аударманың сын сапалық деңгейін көрсетеді. Тіл аралық трансформация аудармада тікелей аударма сөзбен сәйкес келмеуі немесе контексте жалпы ойға сәйкес келмеуі мүмкін. Мысалы «Сыни ойлау және ақпараттық сауаттылық» бөліміндегі *nature of the sources* деген тіркестің *қайнар көз табиғаты* деп аударылуы жалпы мағынасын жоғалтып тұр. Бұл тұста түпнұсқа деген сөздің мағынасы сәйкес келеді. Автор интернеттегі ақпараттың кейде түпнұсқадан алшақ болатынын, ал жастар сол мәселеге назар аудармайтынын, интернеттен жай көшіре салу білім алушының сыни ойлау қабылетін дамытпайтынын айтқысы келген. Алайда тікелей аударма контекстегі мағынаны толық аша алмаған. Бұл тұста экспликацияны (сипаттамалық аударманы) қолданған жөн. Яғни сол мағынаны суреттейтін басқа сөзбен ауыстыру.

English	Қазақ
The enormous collection of materials online varies considerably in quality and accuracy, and we should use, and encourage in others, critical thinking about the nature of the sources.	Онлайнда аса көлемді материал жинаудың сапалық және дәлдік жағынан ерекшелігі бар, сондықтан біз басқалардың қайнар көздер табиғаты жайлы сыни ойлау қабылетін пайдаланып және қолдап отыруымыз керек. [4]

Қорыта айтқанда, аудармашы «Интернет психологиясы» атты кітаптың толық мазмұнын жеткізу үшін виртуалды тілдік тұлғаның психологиясына терең үңілген. Жоғарыда айтып өткендей, әр ұлттың өзіне тән ерекшелігі бар. Бір халықта бар ұғым, түсінік, келесі халықта болмауы әбден мүмкін. Аудармашы шет тілін зерттей отырып, басқа ұлт өкілдерінің мәдениетіне еніп, менталитетіне терең үңілген. Алынған ақпаратты ұлттық болмысқа негіздеп жазуда түрлі тәсілдерді қолданған. Атап айтқанда, белгілі бір халықтың тілі мен мәдениетінің ерекшеліктерін ескере отырып, терминдер мен ұғымдарды бейімдеу және қайта қарастыру қарастырылған.

#### Қолданылған әдебиеттер

1. А.А.Беркович, Международная научно-практическая конференция «Компьютерно-опосредованная коммуникация и дискурс», 2014.2.105-114
2. Д.Х.Хаймс, «О коммуникативной компетентности», Лондон: Пингвин, 1972г.,с269-293
3. Ш.Құрманбайұлы, Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері, Алмаы, 2005.240 б. Сөздік.
4. Patricia Wallace, «The Psychology of the Internet», 2016. Cambridge University Press is part of the University of Cambridge, 367 p.
5. Динаева Б.Б., Сапина С.М. Академиялық сауаттылықтың теориялық және практикалық негіздері. Оқу құралы, Астана, 2020, 200 б.
6. Matthew Reynolds. Translation: A Very Short Introduction, 2016, p. 160 p.

МРНТИ 16.31.41

#### ПУТИ ИССЛЕДОВАНИЙ В ОБЛАСТИ АУДИОВИЗУАЛЬНОГО ПЕРЕВОДА

А.Э.Тильга

Студент-бакалавр

Новосибирский государственный технический университет, Новосибирск, Россия

[alex.tilga@mail.ru](mailto:alex.tilga@mail.ru)